

Тұрмыстық приборларға сұранысты қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 2 желтоқсан N 542

Рыноктың суық және жылу суды, жылуды, газ бен электр энергиясын есептейтін өлшеуіш тұрмыстық приборларға деген сұранысын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бір ай мерзімде суық және жылу суды, жылуды, газ бен электр энергиясының шығыстарын есептейтін тұрмыстық приборлар шығаруы мүмкін қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын айқындасын және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне аталған өнім өндірісіне мүдделі кәсіпорындардың бизнес-жоспарларын ұсынуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

кәсіпорындардың ұсынылған бизнес-жоспарларын қарасын және аталған тұрмыстық өлшеуіш приборларының өндірісі бойынша мейлінше тиімділерін 1997-1998 жылдарға арналған басым инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізсін;

1997 жылы конверсиялау бағдарламасын орындауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу кезінде, Қорғаныс өнеркәсібін ұзақ мерзімді кезеңге арналған дамыту мен оны конверсиялаудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, олардың тұрмыстық өлшеуіш приборлардың өндірісін әзірлеуге кәсіпорындарға бөлуді ескерсін.

Премьер-Министр